

«6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кошымова Акнур Оразгалиевнаның «VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» атты диссертациялық зерттеуіне Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры м.а., т.ғ.д. Кайыркен Турсынхан Законұлының

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінгі таңда әлем халықтары, оның ішінде түркі халықтарының этносаяси бірлестіктері туралы маңызды мәселелердің ғалымдар мен саясаттанушылар назарын өздеріне аударып отырғандары рас. «Тұбі бір түркілер» атанған бүгінгі таңдағы түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, өзіне тән салт-дәстүрлері бар. Олардың этникалық тұрғыдан қалыптасуы мен дамуы және оның осы күнге дейін сакталып келулері әрине, ежелгі дәуірлерден бастау алатын оларды құраған негізгі тайпалық бірлестіктердің өзара ықпалдастықтарына тікелей байланысты. Олардың қатарында оғыз тайпаларының рөлін ерекшелеп айтуға болды. Аталмыш оғыз бірлестіктері құрамындағы тайпалардың өзге түркі халықтарының этникалық қалыптасуындағы орны туралы мәселе белгілі бір тарихи кезеңдерде қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың, атап айтсақ жалайыр, найман, қаңлы, қоңырат, адай, жаппас және т.б. осы тәріздес этникалық бірлестіктердің тарихымен тығыз байланысты. Сондықтанда оларды оғыздар одағы тарихымен бірге қарастыру шынайы тарихты анықтауда аса маңызды.

Ортағасырлардағы Оғыздар тәрізді ірі этникалық бірлестіктердің бірнеше түркі халықтарының қалыптасуына бастау, олардың халық болып түзілу үдерістері мен этникалық өзара араласуларына және жақындасуларына негіз болулары туралы тарихи ақиқат ортағасырлардағы оғыздарды өзара ішкі және сыртқы мәселелерге әсер етуші фактор ретінде алып қарастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, бүгінде оғыздармен байланысты қай халықтың этногенезін алып қарастырасқ та, бұл мәселе тарих ғылымында толығымен шешімін тауып, өзінің шынайы бағасын алып отыр деуге болмайды.

Қазақстан тарихының зерттелуді қажет ететін мәселелерінің аз еместігін еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен және тікелей нұсқауымен жасалған «Халық тарих толқынында», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» тәрізді аса маңызды бағдарламалар мен мақалалар тарихшы-зерттеушілер назарына аса өзекті мәселелерді зерттеу нысаны ретінде ұсына отырып, Ұлы Дағы тарихының әлі де зерттеле түсуді қажет ететін өткір қырларын нақтыладап берген еді. Бүгінде бірқатар түркі халықтары, оның ішінде қазақтар да бар, өздерінің тәуелсіздігіне қол жеткізген заманда осы аталмыш кеңістікте өркендеген ортағасырлық түркі тайпалары тарихын, оның ішінде оғыздар мәселесін

зерттеу, ежелгі тарихты кейінгі халықтарды құраған ру-тайпалар тарихымен байланыстыру түркілердің белгілі бір тарихи кезеңдердегі ортақ тарихын анықтау үшін аса маңызды да өзекті бола түсуде. Сондай-ақ тақырыптың өзектілігі туыстас халықтардың этникалық қалыптасуының сатыларының ортақтығын анықтай тұсу қажеттігімен, олардың генетикалық ортақ негіздеріне бірнеше факторлардың бастама болып, ықпал жасағандарымен де түсіндіріледі.

Осы тұрғыдан алғанда ізденуші А.О. Кошымованаң бірқатар түркітілдес халықтар тарихына негіз болған оғыздарға қатысты зерттеу еңбегін отандық тарих ғылымындағы аса өзекті мәселелердің біріне арналған зерттеу деп есептейміз.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұратын диссертация жүйелі түрде ғылыми талданған, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы тақырыпты таңдаумен және оның мазмұнын айқындаі түсетін тың мәселелердің қарастырылуымен анықталады. Автор Ұлы Дағын Дағын мекен еткен ортағасырлық оғыз бірлестігін құраған тайпалар тарихын жан-жақты қарастыра отырып, олардың бүгінгі қазақ халқының құрамындағы найман, жалайыр, қонырат, адай, жаппас сынды рулық бірлестіктердің өзара этномәдени, тарихи байланыстарына айтартықтай ықпал жасағандарын ғылыми тұрғыдан және нақты негіздеген.

Ғылыми зерттеулерге тиянақты сынни, салыстырмалық талдау жасау барысында, автор халықтың этникалық тұрғыдан қалыптасуына, дамуына ықпал еткен миграциялық үдерістердің теориялық бастауларын да анықтаған. Егер бұрынғы кеңестік мемлекеттік жүйе тұсындағы зерттеулерде бұл тақырып біржакты, саяси тұрғыдан қарастырылып келсе, ал ізденуші А.О. Кошымова оғыздар мәселесіне жаңа қырынан, этникалық тұрғыдан келу арқылы Ұлы Дағын Дағын тарихының құрамдас бір бөлігі саналған оғыз бірлестігіне қатысты зерттеу еңбектері мен деректер тобын жаңаша сараптап, негіздей отырып, олардың бүгінгі бірқатар түркілік ру-тайпалардың тұп атасы екендігін дәлелдеп отыр.

Сонымен қатар ғылыми жұмыстың маңызды нәтижесінің бірі -автордың фольклорлық дерек мәліметтерін жазба мәліметтермен қатар салыстыра пайдалана отырып, оларға жан-жақты және кешенді зерттеулер жүргізу арқылы түркі халықтарының рухани, мәдени, тарихи ортақтығын, олардың дамуындағы туыстық тарихи сабактастықты алғаш рет көрсетуі болып табылады. Бұл, әрине, қазіргі кезеңдегі еліміздің ұстанып отырған рухани, саяси, және тарихи мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстарының өзектілігі мен маңыздылығын да арттыра түседі.

Сонымен, айтылғандарды тұжырымдасақ, «VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» тақырыбында жазылған диссертациясында ізденуші А.О. Кошымова алдына

қойған мақсат-міндеттерін толық орындаған отырып, төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігін көреміз:

1-нәтиже: Зерттеуші оғыз тайпаларын бірқатар түркі халықтарының ортақ тамыры ретінде негізге ала отырып, сол замандағы миграциялық үдерістер және олардың жаңа этникалық топтардың пайда болуына нақты ықпалдастырыңын негіздеген.

2-нәтиже: Ортағасырлық деректер мәліметтері мен пәнаралық зерттеулер нәтижелеріне сүйену арқылы, Енесай қырғыздарының этногенезіндегі оғыздардың рөлі айқындалған.

3-нәтиже: Түркі халықтарының, оның ішінде түрікмен, анадолы түріктері, әзіrbайжандар және тағы басқалардың этникалық тарихы мен қазақ тарихындағы өзара сабактастық нақты қарастырылған. Осылайша оғыздар заманындағы зерттеліп отырған халықтардың ортақ мәдени-рухани байланыстары мен этникалық байланыстары арасындағы өзара үндестік ашылған.

4-нәтиже: ортағасырлық оғыз тайпасының жалайыр, қаңлы, ошақты ру-тайпаларымен өзара этнотарихи сабактастықтары ашылып көрсетілген.

5-нәтиже: Оғыз тайпаларының наймандар мен божбандардың (Қоңырат руына қарасты) этникалық қалыптасуына ықпалы лингвистикалық талдаулар мен фольклорлық деректер негізінде ашылған.

6-нәтиже: Түркі дәүірінен қалыптасқан ұрандар мен таңбаларға назар аудара отырып, зерттеуші өз тарапынан адай, жаппас, шеркеш тәрізді рулардың оғыз тайпаларымен өзара байланыстары мен этникалық үқсастықтарына талдаулар жасай алған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі мен шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің шынайылық дәрежесі практикалық материалдың көп қырлылығымен, толықтырымын және көлемділігімен, зерттеудің концептуалды түрғысына сай теориялық және практикалық бөлімдерінің ғылыми негізделгендерімен, жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің айқындалғандығымен анықталады.

Қол жеткізілген нәтижелер қатарына төмендегілерді жатқыза аламыз:

1-нәтиже. Түркі халықтарының этникалық үдерістерін, оның ішінде оғыз бірлестігінің бүгінгі қазақ халқының құрамындағы ғана емес, өзге де түркі халықтарының қалыптасуындағы орнын миграциялық үдерістердің бағыттарын анықтау зерттеуге шынайылық беріп отыр. Осы негізде ортағасырлардағы көшпелі түркі тайпаларының этностарды қалыптастырудың орны бұрынғы тарихтағыдан екінші кезектегі емес, рутайпалардың біріктіруші этникалық күшке ие, негізгі және басты құрылым ретінде алынуы да ақыннан айқындаған түскен.

2-нәтиже. Бүгінгі таңда кейбір түркі халықтарының этникалық байланыстары мен алатын орнына байланысты даулы мәселелер санаты көп. Осы түрғыдан алғанда зерттеушінің Енесай қырғыздары этногенезіндегі оғыз компонентінің орнын анықтауда пәнаралық және археологиялық

зерттеулердің нәтижелері мен ауызша тарихнама мәліметтерін салыстыра пайдалануы, және оны ғылыми негіздең шығуы зерттеудің шынайылығын бекіте түскен.

3-нәтиже: Ортағасырлық түрікмен, әзербайжан, осман түріктерінің қалыптасуына оғыз тайпасының негіз болуы немесе сол тұстағы миграциялық ұдерістердің ықпалы, сол сияқты осы халықтар арасындағы рухани-мәдени байланыстардағы оғыздардың орны тарихымызда сақталып қалған топонимдік атауларға немесе жер-су атауларына сәйкес қарастырылып, талданған. Мұндайда атап қалған халықтар арасындағы этногенетикалық байланыстардағы өзара ұқсастықтар рухани-мәдени ұлгілер және олардың өзара жақындықтары оларда кездесетін оғыздық компоненттің ортақтығымен түсіндірілген.

4-нәтиже: Зерттеуде бүгінгі қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар, атап айтсақ жалайыр, қаңлы, ошақты ру-тайпаларының ортағасырлық оғыздар тарихымен тікелей сабактастығын фольклорлық және шежірелік мәліметтерге негіздей отырып, салыстырмалы талдаулар жасау да дәлелді болып шықкан.

5-нәтиже: Найман, қонырат (божбан) тәрізді рулардың этникалық тарихындағы оғыздардың орны топонимдерде сақталған атауларды және жазба дерек мәліметтерін салыстыру арқылы ашылған.

6-нәтиже: Түркі халықтарының өзара этномәдени немесе өзара ортақ белгілері бүгінгі күні де бар екендігін белгілі нәрсе. Мәселен, түркілер арасындағы ою-өрнектегі өзара ұқсас ортақ нышандар осының дәлелі. Осы түрғыдан алғанда зерттеушінің қазақтар құрамындағы адай мен жаппас, немесе түркімендер арасындағы салорлардың рулық таңбаларындағы сәйкестіктерді археологиялық және этнографиялық материалдар негізінде дәлелдеуі де шынайы болып отыр. Ортағасырлық оғыздардың адай, шеркеш, жаппас руларының этногенезімен тарихи байланысын анықтауда археологиялық зерттеулер барысында табылған таңбалық белгілер мен жазба дерек мәліметтерін, сондай-ақ оғыздардан қалған топонимдік атауларды салыстыра отырып, қатар қарастыру, және зерттеулер жүргізу, осыған сай логикалық тиянақты қорытынды шығару зерттеуді маңызды етіп отыр. Сондай-ақ, оғыздардың ертедегі дах-массагеттері мен кейінгі ру-тайпалардың арасындағы рухани-мәдени, идеологиялық байланыстыруышы дәнекерлік рөл атқарғандығы да жұмыста біршама негізді дәлелденген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағида) мен қорытындысының жаңашылдық деңгейі.

Диссидент А.О. Кошымованаң зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен жаңашылдығы дау туғызбайды. Олай дейтініміз, бұл зерттеуде Ұлы Дағын мекен еткен түркі тайпаларының негізгі бір бөлігін құраған оғыздардың түркі халықтарының этникалық тарихындағы орны мәселесі археологиялық, этнографиялық, фольклорлық, топонимдік және жазба тарихи деректер негізінде салыстырмалы түрде зерттеліп, негізделіп отыр. Бұл әрине, ізденуші тарапынан едәуір уақыт жұмсауды, нақты зерттеу жұмысы мен жүйелі еңбекті қажет етті.

Осыған орай, зертеушінің жалпы алғанда бірқатар түркі халықтары тарихына ортақ оғыздардың, қазақ халқының құрамындағы кейбір тайпалардың этникалық тұрғыдан қалыптасуына ықпалы мен өзара сабактастығын негіздеуі төмендегідей ғылыми жаңалықтарынан көрінеді:

Бірінші ғылыми нәтижесе жаңа болып табылады, себебі зерттеуде алғаш рет миграциялық үдерістердің этностарды қалыптастырудың орны, мәдени және саяси даму мәселелерін кешенді түрде қарастыру негізінде нақты тарихи сипаттамалармен жан-жақты ашып көрсетілген. Миграциялық теорияны шығармашылық тұрғыда дамыта отырып, түркі халықтарының этногенездік үдерістеріндегі оғыздардың рөлін алғаш рет кешенді түрде ашып көрсеткен.

Екінші ғылыми нәтижесе жаңа болып табылады, себебі енесай қырғыздарының қалыптасуындағы, яғни этникалық тұрғыдан оғыздардың орны тұнғыш рет жазба дерек мәліметтерімен бірге фольклорлық мәліметтерді тұтас бір зерттеу объектісі ретінде толықтырулар ұсынылған. Оғыздар тарихын олардың өздерінен бұрын өмір сүрген түркі қағанаттарындағы ертедегі түркілерден бөліп қарастыруға болмайтындығы тарихи сабактастық зандағына сай ескерілген, және осы негізде қазіргі түркітілдес халықтардың ортақ тарихи тамырларының тереңде екендігі негізделген және сондықтан да бұл нәтиже де жаңа, сондай-ақ шынайы болып табылады.

Үшінші ғылыми нәтижесе салыстырмалы түрде жаңа болып табылады, себебі түркі халықтарындағы өзара этникалық ықпалдастықты жер-су атауларында сақталып қалған этнонимдермен байланыста ашып көрсеткен. Оғыздық бастауы бір деп есептелінетін түрікмен, әзербайжан, анадолы түріктерінің этногенезіндегі оғыздардың орнына қатысты, олардың өзара рухани-мәдени жақындықтарын зерттеуші өзіне дейінгі жүргізілген зерттеулерге сүйене, олардағы кейбір тұжырымдарды басшылыққа ала отырып қарастырған.

Төртінші ғылыми нәтижесе салыстырмалы түрде жаңа, себебі жалайыр, қаңлы, ошақты тәрізді ру-тайпалардың оғыздармен этникалық байланыстары бұрынғы тарихи зерттеулерде қарастырылған жоқ.

Оғыздардың миграциялық үдерістер негізінде жаңа этностарды қалыптастырудың орны туралы мәселе жан-жақты тарихи оқиғалармен байланыста сипатталып, бүтінгі қазақтар мекендейтін Ұлы Даға баса мән берілген. Мұндайда түркілердің автохтондылық ғана емес, сондай-ақ көшпелілердің түркілік, оғыздық этностар қалыптастырудың рөлінің жоғарылығы да дәлелденген. Бір-бірімен қатар, өзара ықпалдастықта өмір сүрген ортағасырлық ру-тайпалардың этникалық байланыстарын тікелей және жанама түрде салыстырмалы қарастырған.

Бесінші ғылыми нәтижесе жаңа болып табылады, себебі лингвистикалық талдаулар мен фольклорлық деректер бұрынғы қазақ руларының (наймандар мен божбандардың) этникалық ерекшеліктерін айқындауда пайдаланылған жоқ еді. Бұл сондықтан да зерттеуде тұнғыш рет көтеріліп отырған маңызды мәселе болып табылады.

Алтыншығының мәселе жаңа, себебі түркі дәуірінен бастау алатын рұлық ұрандар мен таңбаларға назар аударуға, баса мән беруге кеңестік тарихнама мән бере қойған жоқ. Зерттеуші осыны ескере отырып, оғыздық тайпалардың тарихын анықтауда бұрын назардан тыс қалып келген осы маңызды мәселені орынды көтере білген.

Сонымен қорытып айттар болсақ, зерттеу барысында алған нәтижелерін диссертант логикалық және ғылыми түрғыдан нақты және сенімді қорытындылай отырып көптеген жаңалықтарға қол жеткізген. Мұны әрине, оның өз мүмкіндігін толық пайдаланған жетістігі деп санаймыз. Жұмыс соңындағы диссертант тарапынан жасалған тұжырымдар мен қорытындылар және ұсыныстар жаңашылдығымен ерекшеленетін болғандықтан жұмыс тиянақты аяқталған дей аламыз.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Зерттеу жұмысы ашқан ғылыми жаңалықтарды бүгінгі отандық тарихтағы этникалық мәселелерді шешуде, олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтауда, археологиялық және этникалық критерийлері өзара байланыста қарастыру мәселесін шешуде, қазақ және басқа да халықтардың этногенезін анықтауға арналған зерттеулерде, сондай-ақ осы бағытта студенттер мен магистранттарға оқылатын элективтік курстар мен гуманитарлық-әлеуметтік пәндер бойынша жазылатын оқулықтарда және оқу құралдарында пайдалануға болады. Диссертация бойынша дәрістер курсарын жасап, оны жоғары оқу орындарының тарих, мәдениеттану және әлеуметтану мамандықтарынан дайындалатын болашақ мамандарға, бакалаврда, магистратурада, оларға арналған семинар сабактарында және арнайы курсарда пайдалануға әбден болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

А.О. Кошымованаң диссертациялық жұмысының негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы аprobациямен дәлелденген. Олардың ішінде 5 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміне енген ғылыми басылымдарында, 7 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 2 мақала Scopus базасына кіретін журналдарда жарияланған.

7. Диссертация мазұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшиліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда аталған жетістіктерімен қатар кейбір кемшиліктерін де атап өту орынды деп ойлаймыз.

Біріншіден, Ұйғыр қағанаты, Қарахан мемлекеті дәуіріндегі және Монгол үстіртінен бері қарайғы миграциялық үдерістері кезіндегі жағдайларға қатысты тұстарын ашуда қытай деректері мәліметтерін көбірек пайдаланғанда жұмыстың мазмұны ашыла түсетін еді.

Екіншіден, Тәуелсіздік тұсындағы зерттеулерді тарихнамалық талдауда сынни түрғыдан келу жағы жетісе бермейді.

Дегенмен де, көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырган жұмыстың зерттелу дәрежесіне, тұтастай алғандағы ғылыми маңыздылығы мен құндылығын төмендетпейді.

8. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылыми жағынан өзекті, жұмыстың анық және негізделген ғылыми нәтижелері бар, ол ізденушінің күрделі теориялық мәселелерді шешуде өзіндік жоғары деңгейдегі кәсібілігін көрсетеді. А.О. Кошымованаң диссертациялық жұмысы толық аяқталған және тарих ғылымына өзіндік үлес қосады деген ойдамын.

Сол себепті, ізденуші Кошымова Акнур Оразалиевнаның «VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ҚР БФ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарын қанағаттандыратын, диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келетіндіктен «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің
профессоры м.а., т.ғ.д.**



Т.З. Кайыркен

«24» мамыр 2019 ж.

